

Бекітілді:  
«№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі: А.Г.Уртамбаева



Ата-аналармен жұмыс  
№3 «Гүлдер» арнайы ересек топ  
2024-2025 оқу жылы

№	Жүргізілетін іс-шаралар	Өтілу әдісі	Мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	<p>1.Топтық ата-аналар жиналысы Амандасу, танысу жаттығуы а) Денсаулық технологиясы ә) Күн тәртібі, тазалық, топ жағдайы.Өзге де мәселелер б) Ата-ана комитеті мүшелерін сайлау в)Жанұяның әлеуметтік жағдайын анықтау</p> <p>2. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітаппен жаркын әлемге»</p> <p>3. Отбасы күніне орай «Отбасым -мақтанышым»</p>	<p>Тренинг Кенес</p> <p>Әңгімелесу</p> <p>Сауалнама</p> <p>Акция</p> <p>Челлендж</p>	Қыркүйек	<p>Умарова Г.К.</p> <p>Бисеналина Д.Н</p> <p>Психолог Айжанова А.К</p> <p>Тәрбиешілер, ата-аналар</p> <p>Тәрбиешілер, ата-аналар</p>
2	<p>1.«Қарттарым- асыл қазынам»</p> <p>2.«Күзгі асар» жәрмеңкесі Табиғаттың көркем сыйларын пайдалана отырып бұйымдар жасау</p> <p>3.«Қазақстан -Республикам менің!»</p> <p>4.«Қызылшадан сақ бол!»</p>	<p>Газет шығару</p> <p>Жәрмеңке</p> <p>Мерекелік шара Жылжымалы папка дайындау.</p>	Қазан	<p>Тәрбиешілер, ата-аналар</p> <p>Ата-аналар</p> <p>Тәрбиешілер</p> <p>Тәрбиешілер</p>

3	1.«Тұмаудың алдын алу»	Жылжымалы папка дайындау	қараша	Тәрбиешілер  Ата-аналар
4	<p>1.«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Шырша ойыншықтары» Қалдық және табиғи материалдарды пайдалана отырып, қолөнер бұйымдарын жасау.</p> <p>2. Топтық ата-аналар жиналысы а) Балаларды телефон ойынынан аулақ ұстаңыз ә) Өзге де мәселелер.Топта жүргізілген жұмыстар б) ««Аяқталмаған сөйлем» ойыны»</p> <p>3. Қош келдің,Жаңа жыл!</p>	<p>Жәрмеңке</p> <p>Кеңес</p> <p>Ойын</p> <p>Мерекелік шара</p>	Желтоқсан	<p>Тәрбиешілер, ата-аналар</p> <p>Психолог Айжанова А.К.</p> <p>Тәрбиешілер Бисеналина Д.Н.</p> <p>Тәрбиешілер</p>
5	«Қыста құстарды тамақтандырайық» (жемсауыт жасау)	Челлендж	Қаңтар	Әкелер мектебі
6	«Жаңа өмір сыйлайық!» Қалдық заттардан жасалған қол өнер бұйымдарының көрмесі	Көрме	Ақпан	Тәрбиешілер, аталар, әжелер мектебі
7	<p>1.«Ізгіліктің бір ізі – алғыс»</p> <p>2.Топтық ата-аналар жиналысы а) «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» ә) Өзге де мәселелер.Топта жүргізілген жұмыстар б) «Мақал сөздің мәйегі»</p> <p>3. «Наурыз, той думан!»</p>	<p>Челлендж</p> <p>Баяндама</p> <p>Ойын</p> <p>Мерекелік шара</p>	<p>Наурыз</p> <p>Наурыз</p>	<p>Ата-аналар, тәрбиешілер</p> <p>Умарова Г.К.</p> <p>Бисеналина Д.Н.</p> <p>Тәрбиешілер</p>

	4. «Қамқор» жобасы аясында «Су -өмір көзі» бейне роликтер байқауы	Экологиялық акция		Ата-аналар, тәрбиешілер
8	1.«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла», «Мақалатура жинайық-ағаштарды сақтайық!» Халықаралық балалар кітабы күні 2.«Қамқор» жобасы аясында «Түлектердің ағаш егуі» 3. «Әжемнің ғажайып ертегілері» 4. «Құстарға ұя сыйлаймыз!», «Экологиялық фотогазеттері»	Челлендж  Экочеллендж  Жобалау іс-әрекеті  Акция	Сәуір	Тәрбиешілер, ата-аналар  Тәрбиешілер, ата-аналар  Тәрбиешілер, әжелер, аналар мектебі  Аталар. әкелер, тәрбиешілер
9	1.«Достықтың кілті бірлікте»  2. «Шебер әке»  3. «Отбасылық таза ауадағы демалыс»	Сурет көрмесі  Қол өнер байқауы  Апталық	Мамыр	Тәрбиешілер, ата-аналар  Әкелер мектебі  Тәрбиешілер, ата-аналар

# Ата-аналар жиналысы






# "Мақал – мәтелді тап!" ата – анамен ойын



"Ою—өрнекті құрастырайық"



# Тыныс алу жаттығулары ата-анамен



« №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

## **Денсаулық сақтау технологиясы**

Тәрбиеші: Умарова Г.К.

Баланың өмірді-танып біліп, сезініп, түсіну, қабылдауға қолданар құралы-сөз. Сөз арқылы сөйлем құрап, ойын жеткізе білуі оның денсаулығымен тікелей байланысты. Баланың іс-әрекетке бүкіл жаратылыс болмысымен қатысатыны жайлы М.Жұмабаев жан-жақты талдай келе түйіндеген: «Бірінші баланың барлық жан әсері бір-біріне берік байланған болады, бірімен-бірі бірге жүреді. Мысалы: баланың денесі мен жаны, ақылы, сезімі мен қайраты бәрі бірге іс қылады, бұлар бір-бірімен күресе бермейді. Бала бір нәрсеге ұмтылса, сол нәрсеге баланың денесі, жаны, ақылы, сезімі, қайраты бәрі бірге жұмсалады». Бала шақта алынған әсердің өмір бойы естен шықпауының мәнісі сол, балалық шақта алынған әсер- ер жеткенде адамның ақылының, ой-пікірінің, мінезінің қандай дәрежеде болуына негіз болады. Балалықта ылғи жағымды әсер алынса, адам өмір бойы шат көңілді болмақ. Дені сау бала тіпті қарап отыра алмайды. Бірақ, бала не істеді, қалай істеді білмейді. Сондықтан ол ересек адамдардан өнеге алады. Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек.

### **Балабақшадағы қазіргі заманғы педагогикалық денсаулық сақтау технологиялары.**

Мақсаты: балабақшада педагогикалық денсаулықты сақтау технологияларын енгізе отырып, оның әрбір саласын қамту. Баланың тұлғалық ерекшелігін ескере, күш-қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру.

<b>Педагогтармен денсаулық сақтау технологияларын жүргізудің түрлері</b>	<b>Күн тәртібінде жүргізілетін мерзәмә</b>	<b>Жүргізудің әдіс-тәсілдері</b>	<b>Жауапты</b>
<b>1. Денсаулықты сақтау технологиясы</b>			
Динамикалық пауза (үзіліс)	Оқу қызметі кезінде 2-3 мин.	Барлық балалар үшін, шаршатпай, шынықтыру.	Тәрбиешілер
Қимылды және спорттық ойындар	Дене тәрбиесінде, серуенде, топ бөлмесінде, күнделікті топта.	Ойындарда баланың жас ерекшелігі ескеріледі.	Тәрбиешілер
Релаксация	Кез келген қолайлы жерде. Барлық топта.	Баяу ырғақты классикалық музыкаларды, табиғат жайлы әуендерді қолдану.	Психолог, тәрбиешілер
Көркемдік-эстетикалық технологиясы	Театрларға, көрме залдары мен мұражайға, музыка залын безендіру т.б.	Алдын ала жоспарланған шаралар бойынша.	Барлық педагогтар

Саусаққа арналған жаттығулар	Топпен күнделікті.	Тіл мүкестігі бар балалармен.	Тәрбиешілер
Көзге арналған жаттығулар	Күнделікті 3-5 мин. кез келген бос уақытта кіші топтан бастап.	Педагогтар міндетті түрде көрнекілік қолдану керек.	Барлық педагогтар
Тыныс алу жаттығулары	Әр түрлі денсаулық-шынықтыру жұмыстарында.	Гигиеналық талаптарды сақтау, бөлме желдетілген болу керек.	Барлық педагогтар
Бой сергіту жаттығулары	Күнделікті күндізгі ұйқыдан кейін 5-10 мин.	Жүргізу тәсілі алуан: жуыну, кедір-бұдыр тақтайшалардан өту т.б.	Тәрбиешілер
Коррекциялық жаттығулар	Әр түрлі тәсілде денсаулық- шынықтыру жұмыстарында.	Жұмыстың жүргізілуі алға қойылған міндет бойынша.	Тәрбиешілер
Ортопедиялық жаттығулар	Әр түрлі тәсілде денсаулық- сауықтыру жұмыстарында.	Май табанды балалармен шынықтыру жұмысы.	Тәрбиешілер

## 2.Салауатты өмір сүруге машықтану технологиясы

<b>Педагогтармен денсаулық сақтау технологияларын жүргізудің түрлері</b>	<b>Күн тәртібінде жүргізілетін мерзәмә</b>	<b>Жүргізудің әдіс-тәсілдері</b>	<b>Жауапты</b>
Дене тәрбиесі	Аптасына үш рет дене тәрбие залында ересек топ-20 мин.	Бағдарлама жүктемесіне сәйкес жүргізіледі.	Тәрбиешілер
Ойын терапиясы және ойын тренингтері	Бос уақытта, күннің екінші жартысында.	Оқу қызметі ойын түрінде.	Тәрбиешілер
Коммуникативті ойындар	Аптасына екі рет 30 мин. ересектер тобы.	Әңгімелесу, сурет салу, мүсіндеу т.б.	Тәрбиешілер
Өзіндік массаж	Педагогтың алға қойған мақсаты бойынша денсаулық- сауықтыру жұмысы ретінде.	Балаларға жұмыс кезінде олардың денсаулығына нұсқан келмеуін түсіндіру.	Тәрбиешілер, медбике

## Коррекциялық технологиялар (түзету)

Педагогтармен денсаулық сақтау технологияларын жүргізудің түрлері	Күн тәртібінде жүргізілетін мерзәмә	Жүргізудің әдіс-тәсілдері	Жауапты
Музыкалық әрекет технологиясы	Сауықтыру- шынықтыру жұмысы 2-4 рет	Балалардың көңіл күйлерін көтеру мақсатында.	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі
Ертегі терапиясы	Айына 2-4 оқу қызметінен ересектер тобы.	Тәрбиеші, жеке баланың әңгімелеуі арқылы.	Психолог, тәрбиешілер
Түстер технологиясы	Арнайы айына 2-4 рет.	Түстерді ажырата білу. Балалардың бойындағы жағымсыз әсерлерді шығару.	Тәрбиешілер
Нейрожаттығулар	Бос уақытта, күннің екінші жартысында.	Оқу қызметі ойын түрінде.	Тәрбиешілер
Психожаттығулар	Аптасына 1-2 рет ересек балалармен.	Оқу қызметі арнайы мақсатпен өтіледі.	Психолог

**-Бала сөйлеп кету үшін не істеу керек?** –деген сұраққа жауап табай алмай қанша адамдар қиналып жүр. Қазіргі заманда педагогикада жаңа технологиялар, әдістер өте көп. Мысалы:

### I. «Сөйлеп кету үшін (запуск речи)»:

1. үлкен моториканы дамыту (велосипед тебу, самоқат т.б.)
2. ұсақ қол моторикасын дамыту (моншақтарды тізбектеу, қыстырғыштар т.б.)
3. артикуляциялық моториканы дамыту (артикуляциялық жаттығу)
4. тыныс алуды дамыту (тыныс алу жаттығуы)
5. айтқан сөзді түсінуін дамыту (ойын арқылы)

### II. «Сөйлеп кету үшін (3 негізгі)»:

Баланың сөйлеп кету үшін 3 негізгі құрамы болу керек:

1. эмоция
2. коммуникация (общения)
3. ойын

**«Балалар китапханасы» жобасы аясында  
«Китаппен жарқын әлемге»**





# 1 қазан Қарттар күні

## «Қарттарым – асыл қазынам» газет шығару





## «Күзгі асар» жәрмеңкесі

Табиғаттың көркем сыйларын пайдалана отырып бұйымдар жасау







**«Қазақстан – Республикам менін»  
мерекелік шара**






## Ата-аналар жиналысы





**«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында  
«Шырша ойыншықтары» жәрмеңке**





## «Балаларды ұялы телефон ойынынан аулақ ұстаңыз»

**Мақсаты:** Ата-аналарға балаға телефон ойындарының зиян екенін, ұзақ уақыт қолданбау керектігі туралы түсіндіру. Бала денсаулығына ұқыпты қарауға шақыру.

Жұмбақ айтып табысатын, ән жыр айтып жарысатын, асыр салып далада, тай құлындай шабысатын, қазағымыздың балдырған ұландары ата-ананың құлықсыздығынан ұялы телефон ойынына құмартты, құмартқаны соншалық, қой десе қоймай, зар еңірей кететіні үйреншікті жағдай болып қалды. Ендеше ойындар әлемінде балалар соншалықты құмартатын біз сезе білмейтін қандай да бір сыр бар ма? Оның балаларға зияны қаншалықты? Алдымен «Телефондағы ойын деген не?» сұрағына жауап іздеп көрейік.

Телефон ойындары- құрылымы қарапайым, балалар оңай игеретін, адам қиялындағы дүниені елестете алатын, баурау қуаты күшті, құмарлыққа ұрындыратын ойын түрлері.

Ендеше телефон ойынының балаларға зияны қандай?

Ғалымдардың зеттеуінше, кішкентай балаларды ересек адаммен салыстырғанда:

Барша дене бітімі, жүйке талшықтары өсіп-жетілу кезеңінде болғандықтан, радиациялық зақымдануы ересек адамнан жоғары болады;

Кішкентай балалардың бас сүйегі біршама жұқа болғандықтан, радиациялық сәуледен зақымдануы ересек адамнан жоғары болады;

Бала денесіндегі су құрамы ересек адамдармен салыстырғанда мол болғандықтан, радиациялық сәуледен зақымдануы ересек адаммен салыстырғанда біршама жоғары болады. Сол себепті телефоннан шыққан радиациялық сәуле балалардың денсаулығына, оңай кері әсерін тигізеді.

1. Денсаулығына тигізетін зияны: мойнын салбыратып ұзақ бір орында отыру балалардың дене бітімінің дұрыс өспеуіне ықпал жасайды, уақыт өте келе балалардың көзіне зиян келтіреді, қосымша ауру тудырады.

2. Ақыл-ойына тигізетін зияны: ата-анасымен әңгімелесу, ақыл- насихат тыңдау орайынан айырылып, жабырқау, қырсық, жат мінездерді қалыптастырады.

Балалар телефон не компьютер ойындарын ойнауды ата-анасынан, маңындағы адамдардан үйренеді. Сондықтан, ата-аналар ең алдымен өздері телефоннан ойын ойнауды (карта, түрлі көлік жарысы) тоқтату керек, оның үстіне балалардың қандай адаммен араласқанына, нені үйренгеніне назар аудару қажет. Қазіргі балалар зердесі ерте ашылған, телефон ойындарын ойнауды тез әрі жақсы дейтін негізсіз көзқарастан аулақ болып, залалсыз ойыншықпен ойнатып, спортпен айналысуға шабыттандырып, денені сау болып өсіп жетілуін қадағалаған жөн.

## «Аяқталмаған сөйлем» ойыны

### Аяқталмаған сөйлем:

- Егер баланы үнемі сынап отырса,.....
- Егер балаға үнемі күлсе,.....
- Егер баланы үнемі мақтап отырса,....
- Егер бала үнемі төзімділікте өссе,.....
- Егер бала адалдықта өссе,.....
- Егер бала қауіпсіз жағдайда өссе,....
- Егер бала кекшілдікте өссе,.....
- Егер бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе,.....

### Дұрыс жауаптары:


- Егер баланы үнемі сынап отырса,....(оның оқуға құлқы болмайды).
- Егер балаға үнемі күлсе,....(ол бұйығы болып кетеді).
- Егер баланы үнемі мақтап отырса,....(ол өз қадірі үшін оқиды).
- Егер бала төзімділікте өссе,.... (ол басқаларды түсінуге тырысады).
- Егер адалдықта өссе,.... (ол адал болып келеді).
- Егер бала қауіпсіз жағдайда өссе, .... (ол адамдарға сеніммен қарайды).
- Егер бала кекшілдікте өссе, .... (ол қатыгез болып өседі).
- Егер бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, .... (ол әлемнен махаббат табуды үйрету).

## «Жаңа жыл» ата-аналармен ойын, көріністер



**«Қыста құстарды тамақтандырайық» (жемсауыт жасау)  
«Әкелер мектебі» Челлендж**





«Жаңа өмір сыйлайық!» Аналар мектебі.  
Қалдық заттардан жасалған қолөнер бұйымдарының көрмесі







№41 «Назерке» бөбекжай- балабақшасы

# **Ұрпақ тәрбиесі- ұлт тәрбиесі.**

Баяндама.

Тәрбиеші: Умарова Г.К.

Ақтөбе қаласы

Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт –дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт-дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі. Бала көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Балабақшадағы сәбилерге жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастырады. Балабақшадағы ұлттық тәрбие берудің мақсаты: Ұлтжандыққа отансүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қилыстыру.

Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт –дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты–халықтан, пайымдылықты-қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет ғұрыпты оқу қызметін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Серғазы Қалиев этнопедагог, профессор: – Ұлттық тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек. «Не ексең, соның орасың» демекші, балаларымызды қандай жолға бастасақ, олардың сол бағытты алатыны белгілі. Ал біздің ата-бабаларымыздан қалған асыл мұрамыз – тәрбиеміз қазақтан басқа ешкімде жоқ үлгі.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет: – белсенді қарым-қатынас: баламен тәрбиешінің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы; – индивидтік: тәрбиешінің әр жеке баланың ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы; – өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту; – шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені беруде, ұйымдастырылған оқу қызметінің мәні неде? 1. Бала тұлғасына ұлттық

тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі— адамның қалыптасуы, тұлғаның өз мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету. 2. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу, оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге әкеледі. Сол арқылы өзіндік болмысы, санасы бар тұлғалық бейне қалыптасады. 3. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі— адамның дене және рухани денсаулығы, адамгершілігі, бостандығы. Ол – тұлғаны түсіну, өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынастың, салауатты өмір мен парасаттылықтың, өзіндік қатынастың негізін қалау. 4. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Сондықтан оның мазмұны баланың өзін тұлға ретінде дамыту үшін, өз өмірінің субъектісі болу үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Біз өзіміз, яғни тәрбиешілер қауымы қазақ халқының ұлттық салт –дәстүрін толық білеміз бе? Осы төңіректе біз ойланып көрейікші. Халқымыздың әдет ғұрыпын, салт-дәстүрін, ата-ана, тәрбиеші өзі толық білмей тұрып, балаларға ұлттық тәрбие беруі мүмкін емес. Қай заманда болсын, ұлттық өрлеудің халықтық қалыптасудың ең негізгі шарты –білім. Ұлттық тәрбиенің өрісі мен өресі –бүгін де, ертең де, халық үшін көкейтесті мәселе. Ұлттық мәдениет болмаса ұлт сақталмайды. Ал балабақша ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де, өмір сүруімен дамуының алғашқы баспалдағы болып саналады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Сондықтан да қазіргі кезде халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт дәстүрі мен әдет ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап балабақшадағы тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру жағына көңіл бөлуіміз қажет. Адам баласы дүниеге келген күннен бастап үнемі салт-дәстүр аясында өседі. Бала тәрбиесінде халықтық, тұрмыстық салт-дәстүрдің туу себептерін, даму ерекшеліктерін ашып көрсетудің тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата –баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет.

№3 «Гүлдер» арнай ортаңғы тобының балалардың ең жақсы көретіні-ертегі тыңдау. Сондықтан мен балаларға ертегіні таңдағанда -ол ертегі қызықты болу керек және мазмұны қысқа, кейіпкерлері таныс және аз болу. Ертегіні балаларға әңгімелеп беріп жатқанда дауыс ырғағын, мимикаңызды өзгертіп отыру қажет. Кейіпкерлердің қарапайым қимыл-қозғалыстарын көрсетіп, өлеңдерің әндетіп айтып берсеңіздер өте жақсы

болады. Бір ертегіні 3-4 рет айтып беруге болады және баланың сұраған ертегісін қайталап айтуға болады. Ең соңында балалар өздері еркін сіздерге қосылып ертегінің мазмұнын әңгімелеп береді. Сол уақытта баланы мадақтауға ұмытпаңыз.

Кіші топтағы балаларға қысқаша қызықты ертегілер, өлең- жырлар, жұмбақтар, мақал- мәтелдер, жаңылтпаштар, санамақтар, сұрамақтар, сондай- ақ мазақтамаларды пайдалана отырып, балалардың тілін ой-өрісін, дүниетанымын, қиялын дамыту маңызды. Халық ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы -тұрмыс – салт жырлары. Ұлы данамыз Қ. Абай «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойына кірер денен» деп бекер айтпаса керек. Сол сан түрлі тұрмыс-салт жырларының ішіндегі бесік жырлары, тұсау кесер жырлары, т. б. Баланың жаттауына тез әрі қызық болғандықтан сүйсіне жаттайды.

Ертеде қазақ халқы көшпелі халық болғандықтан халық ауыз әдебиетінде төрт түлік малдың орны ерекше. Төрт түлік мал туралы мақал- мәтелдер, жұмбақтар, өлең- жырлар, халық ауыз әдебиетінде белгілі бір орын алып тұрғандықтан және қазақ халқының тұрмысында да маңызы зор болғандықтан балаларға төрт түлік малмен оның төлдері туралы айтып, үйрету маңызды.



Сондай- ақ балаларға кіші жастан бастап, тілге жеңіл, қысқаша құрылған жұмбақтарды үйрету, олардың ойларының ұшқыр, сана сезімнің жетіле түсуіне көп әсерін тигізеді. Кіші жастағы балалар көбінесе жануарлар туралы жұмбақтар шешуге қызыға ат салысады. Мен де өз балаларымды жұмбақтар шешуге үйретемін. Біздің топтың балалары ерекше болғандықтан, жұмбақтардың шешуін суреттерге сүйініп табуға үйретемін. Мысалы: «Үй жануарлары» немесе «Жабайы аңдар» туралы жұмбақтар шешкенде, мен тақырыпқа сай суреттер іліп қоямын. Балалар жұмбақты мұқият тыңдап отырып, суреттерге сүйініп жұмбақтың шешуін табады. Содан кейін балалардың назарын сол жануардың ерекшеліктеріне аударып әңгемелетемін. Балаларға жануарлар атрибуттарың кигізу арқылы қай жануарды жұмбақтап тұрғаның тапқызуға болады.

Ендеше ұмыт қалып бара жатқан салт- дәстүрімізді қайта жандандыруға өз үлесімізді осылай қосайық. Өткені қазақтың халық ауыз әдебиетімен сусындаған балаларымыздың тілі ұшқыр, ойы зерек, тәрбие өнегесі көргенді болмақ.

# 1 наурыз «Алғыс айту» күні



















«Қамқор» жобасы аясында «Су – өмір көзі»  
бейне роликтер байқауы





«Балалар кітапханасы» жобасы аясында  
«Шын жүректен кітап сыйла» челлендж



«Қамқор» жобасы аясында «Түлектердің ағаш егуі»





«Кітапханаға саяхат»  
Облыстық балалар кітапханасы







«Әжемнің ғажайып ертегілері» Әжелер мектебі



«Құстарға үя сыйлаймыз!» Әкелер мектебі

